

Хромтау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03 қыркүйектегі № 273 "Хромтау ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметіне жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 05 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына және 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығына сәйкес Хромтау ауданының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Хромтау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03 қыркүйектегі № 273 "Хромтау ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметіне жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" (Ақтөбе облысы әділет департаменті нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне 2015 жылғы 25 қыркүйекте № 4528 нөмірімен тіркелген) қаулының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының көшірмелері мүдделі органдарға жолдансын.

Аудан әкімі

А. Усманғалиев